

**Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1997 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3430 "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының Z939000\_13-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер 1997 жылдың сәуір-маусымында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары қатарынан запасқа шығарылсын.
  2. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақырылуын кейінге қалдыру құқығынан айрылған ересек жастағы азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына 1997 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.
  3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері облыстық, қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз етсін, шақыруды ұйымдасқан түрде өткізу және мерзімді әскери қызметін өткеру үшін шақырылған азаматтарды әскерге жөнелту жөнінде қажетті шаралар қолданатын болсын.
  4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен бірлесіп, мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды іздестіру және оларды заңмен көзделген жауапкершілікке тарту шараларын қолдансын.
3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті